

Өнер — өмірдің өзіндей мәңгілік

*Әдебиет пен өнер
қ.ы. болмайынша,
қ.ш. қ.ы. болып
өсетпелпейтінін
қ.ытпайыңыз.*

Ғ. Мұсірепов

ШҰҒЫЛА

№9 (82)

Мамыр

2008

ЖЫЛ

Республикалық әдеби-көркем, мәдени-көпшілік газет

Айына екі рет шығады

Елтаңба — ел мұраты

Отаншылдық дегеніміз — сезім шаңырақтары тату-тәтті тірлігі, ортақ Отан біткеннің ішіндегі ең асылы.

Д. Лихачев

1992 жылдың 4 маусымы — тарих күні. Сол кездегі Республика Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті. Елтаңбасының үздік жобасына 245 жұмыс, 67 хат ұсынылған еді. Халық қалаулылары мен Елбасы назары Ж.Мәлібекұлы мен Ш.Уәлиханов жасаған бүгінгі Елтаңбамызға ауды. Тәуелсіз елдің төл белгісі көп ұзамай қалың жұртшылықтың жүрегіне жол тартты.

Ресми анықтамаға сәйкес «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шашылған, оны аңыздардағы пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбасының төменгі жағында «Қазақстан»-деген жазуы бар.

Әлемдік тәжірибеде сыртқы түр-пішіні алуан Елтаңбалар кездеседі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының пішіні дөңгелек, оның барлық белгілері бір шеңбер ішіне орналастырылған. Рәмізтануда кең тараған кескін әлемге алғаш шығыстағы көшпелілер өркениетінің өнер туындысы ретінде тараған. Мән-мағыналық жоралғысы тіршілік белгісі, өмір нышаны. Белгілі ғалым Г.Фелькерзам көшпелілердің дөңгелек шеңберге деген ықыласы бөлек екенін тап басып таныған.

Елтаңбасының басты белгі-нышаны-рәміздің негізгі көркемдік-идеялық жүгін арқалап тұрған шаңырақ образы. Шеберлікпен шендестірілген, түндік аспан күмбезіндегі асыл шырақ Күн бейнесін көз алдымызға әкелсе, уықтар-одан тарап жатқан алтын сәулелердей әсер қалдырады. Қисыны табылып, керегелердің көрінісі де берілген. Әр бөлшегі әсем айшықталған шаңырақ дүние космосының кішкене көшірмесіндей әсер қалдырады. Қазақстандықтардың ортақ



тағдырына деген жауапкершілік идеялары шаңырақ образына қатысты туындайтын ойлар мен әсерлердің бір парасы. Табылған көркемдік шешім жарасымдылығымен әрі жаңашылдығымен назар аудартады.

Шаңырақ — отбасының, одан да асыра айтқанда бүкіл адамзат ұясының нышаны.

Шаңырақ көтеруге негізделген киіз үй — Ұлы далада сонау қола дәуірінен бастап тіршілік кеше бастаған адамдардың өмір салтына байланысты дүниеге келген тамаша төлтума жүйе көрінісі. Ол әлемдік сәулет өнерінің теңдесі жоқ үлгісі ретінде ертеден-ақ мойындалған.

Еліміздің Мемлекеттік Елтаңбасындағы шаңырақ бейнесі — Қазақстанды мекендейтін барлық адамдардың ортақ отбасының, ортақ үйінің нышаны. Шаңырақтың беріктігі оны көтерген уықтарға байланысты болса Ұлы Отанымыздағы бақытты өмір әрқайсымыздың ой-аңсарымызға, іс-қимылымызға байланысты. Ел бақыты — ер бақыты. Ел байлығы-баршаның, әркімнің ырысы.

Елтаңбадағы қасиетті қара шаңырақ бейнесі «Асыл діңгек аман болсын. Алтын бесік мәңгілік тіршілік әлдиімен тербеле берсін. Үлкен үйдің уықтарын шын ниеттерімен қосыла топтасқан еншілес ел-жұртқа да бірге бақыт тілейік. Ортақ шаңырақ — биік, ортақ босаға-берік болсын. Отанымызға талмай адал қызмет етуге жазсын», - деген әсерлі ойларға жетелейді. Барлық ұлттар өкілдерінің жанына жақын образдық жүйе жалпы адамзаттың аңсарына ұштасар ұлы ниеттерге бастайды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының мағыналық және көркемдік-эстетикалық болмыс-бітімі, сол сияқты, оны жасаудағы жоғары кәсіби шеберлік білгір мамандар тарапынан жақсы баға алып жүр.

Мөлдір БАЙМАХАНБЕТОВА